



АУДАНДЫҚ АУРУХАНАҒА ЖАҢА АВТОКӨЛІК ТАБЫСТАЛДЫ

Адам өмірінен асқан құндылық жоқ. Науқасқа үміт сыйлап, денінің саулығы үшін жауапкершілік жүгін көтеріп жүрген дәрігерлердің еңбегі қашанда құрметке лайық. Ақан сері атындағы облыстық филармонияда Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Мерекелік жиынға медицина қызметкерлері мен сала ардагерлері қатысты. Жиналған қауымды облыс әкімі Гауез Нұрмұхамбетов пен Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Тимур Сұлтанғазин құттықтап, денсаулық сақтау саласы мамандарының қоғамдағы ерекше орнына тоқталды.

— Медицина саласындағы қызметтің қиындығы мен жауапкершілігі ауыр кез келген адамның қолынан көле бермейді. Сондықтан да бұл кәсіпті жігері мықты, ниеті таза, жүрегі мейрімге толы жандар ғана таңдайды. Дертіне шипа тапқан әр науқас — сіздердің еңбектеріңіздің жемісі, — деді өңір басшысы.

Салтанатты іс-шара барысында медицина саласының үздік мамандары марапатталды. Сонымен қатар медицина

қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарына 16 жаңа автокөлік табысталғанын айтып өткен жөн. Арнайы техникалар облыстық әкімдік пен Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен берілді.

Аудандық аурухананың директоры Гүлбану Сағындықова сахна төріне көтеріліп, облыс басшысының қолынан жаңа «Соболь» жедел медициналық жәрдем автокөлігінің кілтің алды. Бұл тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мерекелік жиын ақ халатты абзал жандардың еңбегіне көрсетілген құрметтің жарқын көрінісіне айналып, олардың қоғам алдындағы маңызды миссиясына тағы бір мәрте айқындалды.



ОЛАРДЫҢ МІНДЕТІ - ХАЛЫҚҚА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТУ



Шынында да, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған жылдары мемлекеттік қызмет, сот жүйесі мен полиция қызметі жаңа даму жолына түсті. 23 маусымда елімізде мемлекеттік қызметшілер мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі, ал 24 маусымда судья және сот қызметкерлері күні өткізіліп, төл мерекелерін атап өтеді. Бұл айтулы күндер — ел тыныштығы мен азаматтар құқығын қорғауға бағытталған қызметтің маңыздылығын көрсететін күн.

Сондықтан іс-шара барысында аудан әкімі Рахат Смағұлов мемлекеттік қызмет өкілдері мен ішкі істер органдарының қызметкерлерін, судья және сот қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, адал еңбегі, жоғары кәсібилігі, ауданның тұрақтылығы мен дамуына қосқан үлесі үшін алғысын білдірді.

— Құрметті өріптестер, полиция және сот жүйесінің қызметкерлері, аталған сала ардагерлері!

23 маусым күні Мемлекеттік қызметші күні мен Қазақстан полициясы, судья және сот қызметкерлері күні кәсіби мерекелеріне арнайы аудандық Мәдениет үйінде салтанатты іс-шара өтті.

Сөз басында баршаңызды үш кәсіби мереке — Мемлекеттік қызметшілер күнімен, Қазақстан Республикасының Полиция күнімен және судья және сот қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызметші мен Полиция күні мерекелерінің бір күнде, яғни 23 маусымда атап өтуінің өзіндік терең символдық мәні бар. Мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау саласын ортақ өрі қасиетті бір міндет біріктіреді. Ол — халыққа қалтқысыз қызмет ету, еліміздің тұрақтылығын, қауіпсіздігін және сенімді дамуын қамтамасыз ету. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, тиімді мемлекеттік аппаратпен қатар, «Заң мен Тәртіп» қағидаты Әділетті Қазақстанның басты тірегі болып

табылады.

Біздің ауданымыз ұлы тұлға, біртуар ақын әрі нағыз патриот Мағжан Жұмабаевтың есімін иеленген. Бұл асыл есім әрқайсымызға ерекше тарихи және адамгершілік жауапкершілік жүктейді. Осынау қасиетті топырақта, Мағжан елінде еңбек ету — біз үшін үлкен мәртебе және кәсіби сертке адалдықтың күнделікті сыны.

Құрметті өріптестер!

Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі, полиция қызметкерінің ерлігі және судьяның әділдігі — бұл қоғамымыздың тұрақтылығы мен тыныштығының кепілі. Біз барлығымыз бірлесе отырып, «Заң мен Тәртіпті» қорғап, жаңа Конституцияның жасампаз талаптарын басшылыққа алғанда ғана ұлы Мағжан сенім артқан



жастардың, болашақ ұрпақтың алдында жүзіміз жарқын болады.

Сіздердің ел игілігі жолындағы қажырлы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға құт-береке және амандық тілеймін!

Тәуелсіз Отанымыз — Қазақстан Республикасы өркендей берсін! Мағжан елінің мәртебесі әрдайым биік болсын, — деді Рахат Назымбекұлы.

Салтанатты рәсім аясында мереке иелеріне облыс әкімінің Құрмет грамоталары, облыс әкімінің Алғыс хаттары, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің Алғыс хаттары, аудан әкімінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары табысталды.

Мереке одан өрі концерттік бағдарламамен ұласып, өнерпаздар жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
суреттерді түсірген автор.

ДӘРІГЕР – АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ



Халықпен біте қайнасқан қастерлі еңбек иесі - медицина қызметкері болу мәртебелі әрі жауапты мамандық. Елімізде маусым айының үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің күні ретінде кеңінен атап өтіледі. Бұл мереке дертке шипа, денге саулық сыйлайтын осы бір ардақты мамандық иелерінің еңбектері еленетін күн.

Осыған орай, 19 маусым Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында Медицина қызметкері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Іс-шара аясында аудандық аурухананың аға мейіргері Сәрсенбаева Айсулу адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Сіздердің еңбектеріңіздің өлшемі – өмірмен қайта табысқан адамдардың тағдырымен байланысты. Дәрігер – адам жанының арашасы, жер бетіндегі сан алуан кәсіптің ішіндегі ең ізгі, ең қастерлі мамандықтың иесі. Ал оның иесі болу – үлкен мәртебе. «Төні саудың – жаны сау» деген халқымызда дана сөз бар. Сондықтан бүгінгі таңда аурудың алдын алу біз үшін өте өзекті болып қала бермек. Келешек ұрпақтың жарқын болашағының кепілі болып табылатын денсаулық мәселесін жетілдіру – біздің негізгі парымыз болып табылады.

Әрдайым адамзат баласы тағдырын сеніп тапсыратын мамандықтарыңызды абыроймен атқарып, халық сеніміне ие болып жүре беріңіздер.

Саламатты ұлт қалыптастыру жолындағы еңбектеріңіз жанып, халықтың ыстық ықыласына бөлене беріңіздер! Еліміздің бүгіні баянды, ертеңі нұрлы, келешегі келбетті болсын дөмекпіз.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



Аудан басшысы медицина қызметкерлеріне өз мамандықтарына деген адалдығы, жоғары кәсібилігі және аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау жолындағы күнделікті еңбегі үшін шынайы алғысын білдірді.

- Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке адам жанына араша болып, шексіз құрмет пен алғысқа бөленген, қай кезде де сенім үдесінен шыға білген, асқан шеберліктің иесі дәрігерлердің мерекесі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Бір адамның өмірін құтқару - барша адамзатты құтқарумен бірдей. Дәрігерлер ота кезінде, аурухана палатасында күн сайын ерлік жасайды. Сондықтан сіздер бейбіт күннің батырлары деген атқа лайықсыздар» - деген болатын.

21 маусым - медицина қызметкерлері күні қарсаңында аудан әкімі Рахат Смағұлов денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесіп, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Расында медицина – адам өміріне тікелей араша болатын ең жауапты сала. Дәрігер қауымының күнделікті қажырлы еңбектері – адамның амандығы мен өмір сапасының кепілі. Ауырған жанның жанарындағы үмітті, ананың алғысын, баланың күлкисін көру – медицина қызметкерлері үшін басты марапат болып табылады. Бұл күн құрмет пен алғысқа бөленген, Гиппократ антын қабылдап, қай кезде болмасын әрдайым сенімділікті сақтайтын, асқан шеберліктің иесі ақ халатты абзал жандардың мерекесі.

Жас пен көрге, жалпы адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азапталған жанды ауруы-

нан айықтырып, көз алдында ақ халатты періштедей жүріп, жанына дауа, тәніне шипа сыйлап жүрсіздер.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, баянды бақыт тілеймін, – деді аудан әкімі.

Іс-шара барысында мамандардың денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі, жауапкершілігі, жанқиярлығы және таңдаған ісіне деген адалдығы ерекше аталып өтті.

Аудан әкімі медицина саласының барлық қызметкерлеріне зор денсаулық, амандық, кәсіби табыс және халық игілігі жолындағы еңбектеріне толағай жетістіктер тіледі.

Сондай-ақ аудан басшысы өңірдегі денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, медициналық инфрақұрылымды дамыту, жаңа нысандар ашу және материалдық-техникалық базаны нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Салтанатты шара барысында денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар медицина қызметкерлері аудан әкімінің және аудандық аурухана директорының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Мерекелік салтанатты шара аудан өнерпаздарының әсем өндері мен күмбірлеген күйлеріне, сондай-ақ өсерлі концерттік бағдарламаларға ұласып, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

«АЛТЫН БЕЛГІ» – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

ЦЕРЕМОНИЯ ВРУЧЕНИЯ ЗНАКОВ «АЛТЫН БЕЛГІ»



«Алтын белгі» төсбелгілері түлектерге Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Торсанұлы Нұрмұхамбетов қатысуымен өткен облыстық салтанатты іс-шарада табысталды.

— Алдарыңызда барлық мүмкіндік ашық. Қазақстанға сіздердің білімдеріңіз, жігерлеріңіз бен талпыныстарыңыз қажет. «Алтын белгі» иегерлері санының жыл сайын артуы — білім сапасының, педагогтардың кәсібилігінің және ата-аналардың қолдауының көрсеткіші. Бүгіннен бастап сіздер үшін жаңа әрі жауапты кезең басталады. Мемлекет талантты жастардың сапалы білім алып, ғылыммен, кәсіпкерлікпен айналысуына және өз әлеуетін толық жүзеге асыруына барлық жағдайды жасап келеді. Қай мамандықты тандасаңыздар да,

Өткен аптада ауданның білім беру ұйымдарында ІІ-ші сынып түлектеріне аттестат тапсыруға арналған салтанатты іс-шаралар беліні өтті. Биыл аудан бойынша 188 түлек мектеп бітіруде. Оның ішінде 10 екінші жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа ие болса, 5 түлек ең жетістіктері үшін «Алтын белгі» төсбелгісінің иегері атанды. Облыс бойынша 175 түлек «Алтын белгі» төсбелгісіне ие болып, үлкен өмірге жолдама алды.

адалдық пен еңбекқорлықтан айнымаңыздар, елге қызмет етіңіздер, — деді Ғауез Нұрмұхамбетов.

Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша «Алтын белгі» төсбелгілерінің иегері - Әбішева Айым Саянқызы (Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп), Беркімбаев Ақбаян Қолдарбекқызы (Надежда орта мектебі), Ғалым Аяулым

Ералықызы (Возвышенка орта мектебі), Исмахамбетова Рамина Ермекқызы (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназия), Мурзина Ульяна Евгеньевна (№2 Булаев жалпы білім беретін мектебі).

Аттестат тапсыру салтанаты мектептегі жарқын жылдардың қорытындысы болып, түлектердің табандылығы, мақсаткерлігі мен жетістіктерінің

лайықты бағалануының көрінісіне айналды. Бұл күн әрбір түлек үшін өмірдегі маңызды белес, мектеп кезеңінің аяқталып, жаңа мүмкіндіктерге, тың жаңалықтар мен үлкен жетістіктерге толы жаңа жолдың басталуын білдіреді. Түлектерді, олардың ата-аналары мен ұстаздарын осы айтулы оқиғамең шын жүректен құттықтаймыз!

Түлектерге өз күшіне сенімді болып, таңдаған оқу орындарына сәтті түсулеріне, алға қойған мақсаттарына жетулеріне, жаңа жеңістер мен толағай табыстарға жетулеріне тілектеспіз.

Мектептен алған білімдері болашақтағы жетістіктерінің берік негізіне айналып, алдағы өмірлері жарқын сәттер мен мол мүмкіндіктерге толы болсын!

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОЛЛЕДЖДЕРГЕ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ 25 МАУСЫМДА БАСТАЛАДЫ: 140 МЫҢ ГРАНТ БӨЛІНДІ

Мемлекеттік білім беру тапсырысы техникалық мамандықтар бойынша ұлғайтылды. Орта буын мамандықтары мен қолданбалы бакалавриатқа түсушілер үшін конкурс міндетті және бейіндік пәндер бойынша аттестаттың орташа балы негізінде өткізіледі.

Жұмысшы біліктілігін алуға ниетті түлектер колледждерге әңгімелесу нәтижесі бойынша қабылданады.

Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін эссе немесе диктант, медициналық және шығармашылық мамандықтарға түсушілер үшін арнайы

Қазақстанда 25 маусымда техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжат қабылдау басталады. 2026-2027 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша колледждерге 140 мың орын бөлінді. Талапкерлер құжаттарды Egov.kz порталы арқылы немесе колледже барып электронды түрде тапсыра алады, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізіледі.

Құжаттарды қабылдау мерзімдері:

Жұмысшы біліктілігі бойынша — 25 маусымнан 27 тамызға дейін;

Орта буын мамандықтары бойынша (9 және 11 сынып базасында) — 25 маусым-

нан 22 тамызға дейін;

Шығармашылық мамандықтар бойынша — 25 маусымнан 20 шілдеге дейін;

Педагогикалық мамандықтар бойынша — 25 маусымнан 10 тамызға дейін (9 және 11 сынып базасында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім базасында);

Медициналық мамандықтар бойынша — 9 сынып базасында 25 маусымнан 10 тамызға дейін, 11 сынып және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында 25 маусымнан 15 тамызға дейін;

Кешкі оқу нысаны бойынша — 25 маусымнан 20 қыркүйекке дейін.

Сондай-ақ колледждерге қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №261 бұйрығына сәйкес квота қарастырылған.

«АҚҚАЙЫҢ» ЛАГЕРІНДЕ ЕКІНШІ МАУСЫМ АШЫЛДЫ

«Аққайың - 2026» жазғы сауықтыру лагерінің екінші маусымы басталды. 20 маусым ашылу күні барлық қатысушыларға жарқын эмоциялар, шынайы мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Осы маусымда лагерь жаңа тәжірибелер, адал достар және ұмытылмас жазғы шытырман оқиғалар үшін келген 100 балаға өз есіні айқара ашты. Барлық ауысым барысында балалармен 16 кеңесші жұмыс істеуге өзір. Жігерлі, шығармашылық және жауапты тәлімгерлер балалардың әр күнін қызықты, пайдалы және бай етуге дайын.

Салтанатты ашылу жылы және достық атмосферада өтті. Балалар бір-бірімен және өздерінің тәлімгерлерімен танысты, отрядтарға бөлініп, көңілді ойындарға, байқауларға және шығармашылық шараларға қатысты. Алғашқы сағаттан бастап лагерь сыңғырлаған күлкіге, әсем музыкаға және жағымды энергияға толы болды.

Ауысымды ұйымдастыруда аға кеңесші Руслан Темірбеков ерекше рөл атқарады. Оның жауапкершілігінің, бастамашылығының және балалармен жұмыс істеу қабілетінің арқасында лагерь өмірі жарқын, ұйымдастырылған және оқиғаларға толы. Бұл достық атмосфераны құруға көмектеседі,

тәртіпті сақтап, балалардың демалысын шынымен қызықты етеді.

Ашылу күнінің нағыз естен кетпес сәті - ол түстер фестивалі болды. Алаң бірден жарқын түстерге, қуанышты күлкіге және ынтылы эмоцияларға көмкерілді. Бұл сәт барлық қатысушыларға жағымды әсер сыйлады және күннің ең ұмытылмас оқиғаларының біріне айналды.

Алда балалар спорттық жарыстар, шығармашылық байқаулар, кешкі іс-шаралар, жаңа таныстар және көптеген жарқын сәттерді күтеді. «Аққайың» лагерінде әр күн ерекше қуанышқа, ашылуларға және ұмытылмас әсерлерге толы болатыны сөзсіз.

«Аққайың - 2026» лагерінің екінші маусымы барлық адамдар үшін бақытты балалық шақ, берік достық және жаңа жеңістер уақыты болсын! Балаларға керемет демалыс, жақсы көңіл-күй және ұмытылмас өзгеріс тілейміз!

Мұрат ОРТАМЫШЕВ,
«Аққайың» сауықтыру лагерінің директоры.



БЕРЕКЕ ЖӘНЕ ПОЛУДИНО АУЫЛДАРЫНДА ХАЛЫҚПЕН ОНОМАСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Іс-шараларға ауыл тұрғындары, қоғамдық ұйым өкілдері, сондай-ақ арнайы шақырылған сарапшылар – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, қоғам қайраткері Досмахамбет Қалмаханұлы Көшім және «Халықаралық Қазақ тілі» қоғамы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының төрағасы Жанат Қабдолрахымұлы Мұхамеджанов қатысты.

Кездесулер барысында ономастикалық жұмысты дамыту, тарихи жадыны сақтау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелері талқыланды. Қатысушылар елді мекендер, көшелер және өзге де

Мағжан Жұмабаев ауданының Береке және Полудино ауылдарында ономастикалық кеңістікті жетілдіру және осы саладағы мемлекеттік саясатты түсіндіру мақсатында қоғам қайраткерлері мен ономастика саласының мамандарының қатысуымен кездесулер өтті.

нысандар атауларының халықтың мәдени және рухани мұрасының ажырамас бөлігі екендігіне тоқталды.

Қонақтар ономастикалық кеңістікті жетілдіру бағытындағы тәжірибелерімен бөлісіп, елімізде атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында ономастиканың ұлттық бірегейлікті нығайтудағы,

тарихи сабақтастықты сақтаудағы және мәдени мұраға құрметпен қарауды қалыптастырудағы маңызына ерекше назар аударылды. Ашық пікір алмасу алаңында Береке және Полудино ауылдарының тұрғындары өз ұсыныстарын айтып, пікірлерімен бөлісіп, сарапшыларға көкейлеріндегі сұрақтарын қойды.

Кездесулер мазмұнды әрі сындарлы

диалог жағдайында өтті. Қатысушылар мұндай іс-шаралардың халықтың ономастика саласындағы мемлекеттік саясат туралы ақпараттануын арттыруға және тарихи-мәдени мұраны сақтауға ықпал ететінін атап өтті.

Кездесулер қорытындысы бойынша ономастикалық кеңістікті одан әрі жетілдіруге, тарихи жадыны сақтауға және ұлттық құндылықтарды нығайтуға бағытталған ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Ботагөз ЗАЙНУЛЛИНА,
мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Өңірлік кадр резерві – кәсіби өсудің жаңа мүмкіндігі

Аталған жоба 2024 жылы іске қосылып, аз уақыт ішінде өзінің тиімділігін дәлелдей алды. Бүгінде Өңірлік кадр резервіне еліміздің 500-ден астам азаматы кіріп, олардың басым бөлігі мемлекеттік органдардағы жауапты басшылық лауазымдарға тағайындалды.

Солтүстік Қазақстан облысында да бұл бастама нақты нәтижелер көрсетуде. Өңірлік кадр резервіне қабылданған 19 маманның жартысынан астамы бүгінде басшылық лауазымдарға тағайындалып, мемлекеттік басқару саласында табысты еңбек етуде. Бұл көрсеткіш жобаның өңірдегі тиімділігін айқын көрсетеді.

Өңірлік кадр резервінің қатысушыларының бірі – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Азамат Шаймерденов. Еңбек жолын қоғамдық сектордан бастап, ол іріктеудің барлық кезеңінен сәтті өтті және 2024 жылдың қазан айында аталған қызметке тағайындалды.

Бүгінде Азамат Шаймерденов өңір экономикасын дамыту бағытында

Қазақстанда кәсіби әрі тиімді мемлекеттік аппарат қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы мақсаттағы маңызды бастамалардың бірі – дарынды әрі білікті жастарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған Өңірлік кадр резерві жобасы болып табылады.

маңызды жұмыстар атқаруда. Оның қатысуымен инвесторлармен өзара тиімді ынтымақтастық орнатылып, «Qyzylja» арнайы экономикалық аймағында инвестициялық жобалар жүзеге асырылады, сонымен қатар жаңа жұмыс орындары ашылады. Соның нәтижесінде соңғы бір жылдың өзінде облыста 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Бұл нәтижелер – Азаматтың қатысуымен маңызды рөл атқаратын кәсіби команданың жүйелі жұмысының айқын көрсеткіші.

Жобаның тағы бір алдағы қатардағы қатысушысы – Ақжар ауданы әкімінің орынбасары Данияр Қапашев. Ол Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін тәмамдап, мемлекеттік қызметтегі еңбек жолын аудан әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі көмекшісі ретінде бастаған. Кейін Ақжар ауданының сәулет, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімін басқарды.

2025 жылдың қазан айынан бастап Данияр Қапашев Ақжар ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келеді. Оның жетекшілігімен коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, көлік қатынасын жақсарту және ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында бірқатар маңызды жобалар іске асырылуда.

Сондай-ақ, Өңірлік кадр резерві Жан Айтмағанбетовке өзінің басқарушылық қабілеттерін көрсетіп, Мамлют ауданының қоғамдық және мәдени саласының дамуына үлес қосуға мүмкіндік берді.

Облыстың 19 резервшісінің бірі ретінде ол биыл Мамлют ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мемлекеттік қызметтегі кәсіби еңбек жолын 2015 жылы бастады. Әр жылдары Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде,

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өңірлік департаментінде, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасында қызмет атқарды.

Бүгінде ол ауданның қоғамдық-саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мемлекеттік ішкі саясатты іске асыруға, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үйлестіруге және азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылды дамытуға жауапты.

Осылайша, Өңірлік кадр резерві – жас әрі перспективалы мамандар үшін тиімді әлеуметтік лифт болып табылады. Жоба кәсіби дамуға кең мүмкіндік беріп қана қоймай, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын жаңа буын басшыларын қалыптастыруға ықпал етуде. Бұл бастама мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға және елдің кадрлық әлеуетін нығайтуға бағытталған маңызды қадам екені сөзсіз.

Аида РҮСТЕМ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

«ЖАС ҚАЛАМҒЕР»

ТУҒАН ЖЕР



Туған жер - ол сенің кіндік кесіп, өсіп, жетіліп өскен киелі жер. Туған жер - ол әрбір адам үшін қасиетті мекен.

Себебі, ең алғаш қадам басқан, кіндігінің қаны тамған, алғаш ана, әке деп айтқан киелі өлкең. Бұл жерде қаншама балалық шағыңның ең ыстық

естеліктері сақталуда. Әрине, біз оны мәңгілікке жүрегімізде сақтаймыз. Иә, қазіргі кезде жастар шетелге бас бұрып, көбісі туған жерді ұмытуда, ал кейбіреулері, керісінше, елге қайтылары келеді.

Туған жерді аңсап жүрген жандар үшін туған өлкеңнің әр тасы мен өр бұтағы ыстық, топырағын қолға алып, бір иіскеу арман. Қанша арман қуамын, басқа елге, қалаға кетемін десең де, бәрібір туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас деп бекер айтаған. Өз жеріміздің тарихын білу, қадірлеп, қастерлеу, аялау, сүю, тазалығына жауап беру ол әр адамның міндеті деп білемін.

Туған жер деген ол географиялық ұғым ғана емес, әр адам баласының жүрегінің түбінен үлкен орын алатын ыстық ұя десем, қателеспесмін. Тек қана туып өскен жерімізді ғана емес, түгел Қазақстанды алатын болсақ, өздеріңіз білетіндей, еліміздің қаншама көрікті қалалары бар. Маған өзіміздің бас қала - Астана қатты ұнайды. Менің ойымша, Қазақстанның барлық қалалары әдемі әрі өсем десем, артық болмас, кем емес.

Тағы айтып өтетін жайт, қазіргі жастар туған жердің гүлденуіне үлес қосып, оның тазалығын сақтап, табиғатын қорғап, дамуына атсалысуы туған елге деген сүйіспеншілігін көрсету деп түсінемін. Енді бір жөнге тоқталсақ, туған жер адамның алтын бесігі, өмірінің ажырамас бөлігі деп есептеймін.

СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Спорт адам өмірінде маңызды орын алады. Спортпен айналысу денсаулыққа пайдалы. Ол адамды күшті, шымыр және тиямды етеді.

Қазіргі кезде спорттың көптеген түрлері бар. Әр адам өзіне ұнайтын спорт түрін таңдай алады. Мен де спортпен айналысқанды ұнатамын. Мен қарағым айналысамын. Қарат маған тәртіпті, шыдамдылықты және өзіме деген сенімділікті үйретті. Жаттығулар арқылы денемді шынықтырып, жаңа жетістіктерге жетуге тырысамын.

Спорт адамның мінезін де қалыптастырады. Сондықтан спортпен айналысу әр адам үшін пайдалы деп ойлаймын. Спорт адамның уақытын тиімді өткізуіне көмектеседі және жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді.

Спортпен айналысқан адамның денсаулығы жақсы болады. Ол өзін сергек сезінеді және көпшілік күйі көтеріңкі жүреді. Сонымен қатар спорт тәртіпке, жауапкершілікке және еңбекқорлыққа баулиды.

Қорытындылай келе, спорт – денсаулықтың кепілі. Сондықтан әр адам спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстануы керек.

Бибіжан ДҮЙСЕБЕК,
Құралы ауылы.

САХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

«МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ:

ТҰЛҒА, ӘДЕБИ ҮРДСІ ЖӘНЕ ТІЛТАНЫМ»

Биыл ұлт руханиятының көрсінді өкілі, Алаш қайраткері әрі қазақ поэзиясының жарық жұлдызы - Мағжан Жұмабаевтың туғанына 133 жыл толып отыр.

Осыған орай Қозыбаев университетінде ақынның шығармашылық мұрасын ұлықтауға арналған «Мағжан Жұмабаев: Тұлға, әдеби үрдіс және тілтаным» халықаралық ғылыми-практикалық жиын өтті.

Іс-шара басталар алдында қонақтар, қалалық саябақтағы ескерткіш жанында Мағжан Жұмабаев пен оның әкесі Бекен Жұмабаевтың рухына құран бағыштап, ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Жиынның шымылдығын ашқан Сәбит Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрының әртістері белгілі жазушы Дулат Исабековтың «Өйтпесе Мағжан бола ма?» драмасынан өсерлі сахналық қойылым қойды.

Халықаралық басқосуға еліміздің түрлі өңірлерінен және шетелден ғалымдар, зерттеушілер, оқытушылар қатысты.

Конференция барысында баян-



дамашылар Мағжан Жұмабаевтың әдеби мұрасы, педагогикалық және философиялық көзқарасы, сондай-ақ оның шығармашылығының қазіргі білім беру және тілтану салаларымен сабақтастығына қатысты

зерттеулерімен бөлісті.

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің директоры Сәуле Мәлікова Мағжан Жұмабаевтың ұлттық тәуелсіздік идеясын дәріптеудегі және түркі халықтарының рухани тұтастығын нығайтудағы рөліне ерекше тоқталды:

«Мағжан Жұмабаев Алаш қозғалысының рухани тіректерінің бірі болды. Саяси белсенді тұлға ретінде отарлық езгіге қарсы тұрып, ұлттық бірлікті түркі халықтарының ынтымағын үнемі насихаттады. Сондықтан оны түркі әлемінің ұлы ақыны, ұлттық тәуелсіздік идеясының рухани жаршысы деп айтамыз. Оның өмірі мен шығармашылығы қазақ халқының азаттыққа деген мәңгілік ұмтылысын бейнелейді».

Мағжан Жұмабаев туған өлкесінің көркем табиғатын, азаттық пен еркіндік идеясын шығармаларына арқау етті. Ақынның «Қазақ тілі», «Қазағым» сынды туындылары қоғамның сана-сын оятып, білімге үндейді. Қозыбаев университетінің ұл-қыздары мен ҚР Ұлттық ұланы академиясының курсанттары «Абай-Мағжан үні – бабалар аманаты» атты әдеби композиция ұсынып ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Шара соңында қатысушыларға Алғыс хаттар табысталды.

«Айқаптағы» Мағжан өлеңдері

«Айқап» журналында жарияланған алғашқы өлең кіндігі екенін білесіз бе? Журналдың ең алғашқы №1 санында Ыбырайдың өлеңі басылды. Өлеңге «Марқұм Ыбырай Айтқынсарин сөзі» деген түсініктеме берілді. Ал сол кездегі көзі тірі ақындардан алғаш жарияланған Мағжан Жұмабаевтың «Жатыр» өлеңі еді. Мағжанның жыры «Айқаптың» №2 санында жарияланды.

«Айқап» өлеңі де «Жатырға» ұқсайды. Мұнда қазақ қоғамындағы әйелдің ауыр халі суреттеледі. Мағжан өлеңінде «Балтабай Оразкенді шаштан ұстап, Нығарлап ер түкпірге сүйреп тастап» дей келіп, боранды күні Балтабайдың жүкті әйелі Оразкенді далаға қуып шығуы арқылы әйел теңсіздігін, ер адамның озбырлығын өшкереілейді. Жырдағы боран – қатыгездіктің, ал қара түн – үмітсіздік белгісі. «Оразкенді екіпменмен құлай кетті, Есі ауып, жансыз болып, сұлай кетті» деп суреттейді ақын. Мұндағы Оразкенді қазақ әйелдерінің жиынтық бейнесі болса, Балтабай – қатыгес, тасжүрек кейіпкер. Осылайша, Мағжан адамның қаталдығын табиғаттың қаталдығы арқылы бейнелей суреттеп, қоғамды қатыгездікке, өділетсіздікке қарсы тұруға шақырады.

Ал «Күз күні» өлеңінде Мағжан «қара дауыл соғып тұрған» күз мезгілін кемпірге теңеп, «Кемпір болған бет-аузы қатпарланып, Бұраңдаған көшегі сұлу қызы» деп жазады. Мұнда да ақын табиғаттың сұрқай көрінісі арқылы қазақ қоғамының мүшкіл халін меңзеп отыр. «Басқа жұрт балалары оқу қуған, Біліммен өз жұртының бетін жуған» деу арқылы «Жатырда» жазылған ойды қайталайды. «Қор болдық, өнер қумай, қайран елім! Күш кетіп, талай жаннан көрдік керім» деп көңілі құлазиды. Мағжанның осы жырын Абайға еліктеп жазғаны да байқалады. Абай «Жазғытұры» жырында: «Жазғытұры қалмайды қыстың

сызы, Масатыдай құлпырар жердің жүзі», десе, Мағжан «Күз күні» өлеңінде: «Масаттыдай құлпырған жердің жүзі, Аяқ басқан – табанға өтер сызы», дейді. Сол секілді Абай «Күз» өлеңінде: «Кемпір, шал құржаң қағып, бала бүрсең, Кеңілісіз қара суық қырда жүрсең», деп суреттесе, Мағжанның «Күз күнінде» бұл жолдар: «Қақтанған, жамыла түсіп, от маздаттып, Көресің кемпір-шалды үйге кірсең», деп құбылады. Мұндай тәсілді әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева: «Мағжанның ақындығы арнасына сыймай лықситыны сонша, онда Абайдан бүтіндей алынған сөйлемдер кездеседі, бұл оның қазақ өлеңіне енгізген стильдік ерекшелігі, себебі, оның өлеңінің бисмиллесі – Абай», деп түсіндірген еді.

Сонымен қатар «Айқаптың» 1912 жылғы №4 және №5 сандарында Мағжанның «Жазғытұры» өлеңі екі бөліп жарияланды. Жүсіпбек Аймауытұлы жазғандай, «болмашы нәрсе оны жабықтырады, болмашы нәрсе оны қуантады». Мағжанның «Күз күніндегі» жабыққан көңілін «Жазғытұры» жұбатқан секілді. Себебі мұнда көктемнің лебі, болашаққа деген үміт бар. «Сү ақса, тау жаңғырар сылдыр қағып, Дөл сұлу бұраңдаған шолпы тағып» деп табиғаттың тамаша сәтін көркем сөзбен кестелесе, «Май кірді, жер құлпырды, гүлдер жайнап, Жібектей көкөрайлар жатқан жайрап» деу арқылы табиғаттың жаңарғанын, тіршіліктің жанданғанын хабар береді.

Журналдың осы жылғы №7 санында жарияланған «Бұлбұл» өлеңінде Мағжан бұлбұл құс арқылы өзінің жүрек сырын жеткізеді. «Дертіме сенен ғана дәрмен болар, Басқадаң, анық білдім, еш пайда жоқ» немесе «Тез, бұлбұл, мұңды дауыс, сиқыр тілдім, Дәрменді қалың дертке сенен білдім» деу арқылы бұлбұлдың дертінің шипасына балайды. Бір қызығы 1961 жылы Үшкілтай Субханбердина құрастырған «Айқап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» библиографиялық көрсеткішінде Мағжанның осы өлеңдерінің ешқайсысы жоқ. Тіпті еш жерінде Мағжанның есімі де көрсетілмеген. Оның себебі бұл кезде ақын өлі ақталмаған еді. Ал 1995 жылы шыққан «Айқап» энциклопедиясында Мағжанның есімі де, өлеңдері де қосылды.

Биыл – «Айқап» журналының жарыққа шыққанына 115 жыл. «Айқапта» жарияланған Мағжанның «Жатыр», «Шын сорлы» өлеңдерінің жазылғанына да тура 115 жыл толды. Мұхтар Өуезов: «...Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі», деген болатын. Сол сөз – анық ақиқат. Жазылғанына бір ғасырдан асса да, Мағжанның сұп-сұлу сөздеріне, жыр-жылы жырларына қайта-қайта аңсарымыз ауып тұратыны да содан.

Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ.



Мағжан өлеңінде басқа халықтардың өнер-білімінің кілтін ашып, күнбе-күн ілгерілеп жатқанын алға тартып, «Ойламай біздің қазақ текке жатыр, Бір іске жанаспай, шетте жатыр» деп қазақтың кері кетіп бара жатқанына қынжылады. «Кен жері күннен-күнге құрып жатыр, Сур жылан қанын-сөлін сорып жатыр» деп ашынады. Дөл осы жолдарды сол Николай Катанов бастаған аудармашылар орыс тіліне «Широкая земля (қазақ) что ни день, гибнет, А черная змея всю кровь его (казака) сосет» деп «ерекшелеп» аударды. Профессор Зарқын Тайшыбай жазғандай, «...Күдікті-ау деген жолдар мен шумақтарды ұғынықты етіп, жолма-жол орысшаға аударып бере алған. Жақша ішіне кейбір сөздердің астарлы мағынасын да ашып көрсеткен». Сондай-ақ олар өздерінің тапқан «олжаларын» билікке жолдап отырған. Соның салдарынан Мағжанның «Жатыр» өлеңі Патша үкіметіне қарсылық ретінде қабылданған. Ақын бұл өлеңді елдің жағдайына алаңдап, ет жүрегі езіліп отырып жазған болатын. Бұл кезде Мағжанның жасы 18-де еді.

Мағжанның «Айқапта» жарияланған өлеңі «Жатыр» ғана емес. Журналдың 1911 жылғы сандарында ақынның «Шын сорлы» (№9), «Күз күні» (№12) деген тағы екі өлеңі жарияланған. Мағжанның «Шын

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

АБАЙ, МАҒЖАН, МҰҚАҒАЛИ - ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНДАРЫ



Сіздер білетін қазақтың көптеген ұлы ақындары бар, солардың бірі өзіміздің жерлесіміз Мағжан Жұмабаев. Ол кісі қазақтың көркемдік ақыны, педагог және қоғам қайраткері. Ол 1893 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген Мағжан көптеген өлеңдер жазып, туған жерді, елді және халықты сүюді жырлаған. Оның шығармалары қазақ әдебиетінде маңызды орын алады. Оның

ең танымал шығармаларының бірі - Батыр Баян поэмасы. Осылайша, ақын қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосып, артына мол мұра қалдырды.

Абай Құнанбаев - қазақтың белгілі ақыны, ойшылы және ағартушысы. Ол 1845 жылы Семей өңірінде дүниеге келген Абай атамның өлеңдері мен қара сөздері қазір халық арасында кеңінен танылған. Ғылым таппай мақтанба, орын

таппай баптанба деп айтқан ақымыз жастарға қазіргі заманда білімді болуға үндеу жасаған.

Мұқағали Мақатаев - қазақтың лирик ақыны. Ол 1931 жылы Алматы облысында дүниеге келген ақының көптеген танымал өлеңдері бар, солардың бірі - «Үш бақытым».

Ең бірінші бақытым халқым менің, ал екінші бақытым тілім менің деп айтқан

ақынның халқын, өлін, тілін қалай шын жүреппен сүйіп тұрғанын көре аласыздар. Қазіргі кезде сүйгенді былай тұра, өз ана тілінде сөйлей алмайтын жастар қаншама. Бірақ мен болашақта жастарымыз ана тілде сөйлеп, тілімізді деріптеп, ары қарай елімізді дамытып, жаңғыртады деген үміттемін.

Бибиган ДҮЙСЕБЕК.
Құрметті ақын.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ҮЙ ЖАҢУАРЛАРЫ:
АДАМШЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Үй жануарлары көптеген отбасылардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанына көп уақыт болды. Иттер, мысықтар, құстар және басқа да үй жануарлары иелеріне қуаныш, адалдық пен жағымды эмоциялар сыйлайды. Алайда бұнымен бірге адамға жануардың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілік жүктеледі. Қазақстан Республикасында жануарларды тиісінше бағуды, олардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша иелерінің міндеттерін белгілейтін 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 97-VII ҚРЗ «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңы қолданыста.

Үй жануарларын асырау туралы шешім саналы түрде қабылдануы тиіс. Жануар тек сүйіспеншілік пен назарды ғана емес, сонымен қатар күнделікті күтімді де талап етеді. Иесі оны толыққанды азықпен, қолайлы ұстау жағдайларымен, уақытылы вакцинациялаумен және ветеринариялық қызметпен қамтамасыз

етуі керек. Үй жануарының толығымен адамға тәуелді екенін және өзіне өздігінен қамқорлық жасай алмайтынын ұмытпаған жөн.

Аурулардың алдын алуға ерекше көңіл бөлу қажет. Ветеринар маманға тұрақты түрде тексертіп тұру және қажетті екпелерді салу жануарларды қауіпті инфекциялардан қорғауға және олардың денсаулығын сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, жауапты иесі айналадағыларға қауіп төндірмей, жануарларды ұстау және серуендету ережелерін сақтауға міндетті.

Өкінішке орай, бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі — қаңғыбас жануарлар санының артуы. Көбіне бұған өз үй жануарларынан бас тартатын адамдардың жауапсыздығы себеп болады. Тастанды жануарлар көшеде қалып, аштыққа, ауруларға және қағыездікке тап болады. Сондықтан жануарды үйге алмас бұрын, бұл ұзақ жылдарға арналған жауапкершілік екенін түсіну керек.

Жануарларға ізгілікпен қарау — қоғам мәдениетінің көрсеткіші. Үй жануарларына қамқорлық жасау адам бойындағы мейірімділікті, жанашырлықты және парыз сезімін тәрбиелейді. Әрбір иесі мынаны есте ұстауы керек: үй жануары — зат емес, қамқорлық пен қорғауды қажет ететін тірі жан иесі.

Үй жануарларына жауапкершілікпен қарау олардың денсаулығын сақтауға көмектеседі, аурулардың таралуын болдырмайды және ізгілікті қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Өйткені, жануарларға қамқорлық жасай отырып, біз өзіміздің ең жақсы адами қасиеттерімізді көрсетеміз.

Елена ЧЕПИКОВА,
ветеринариялық фельдшер.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ІНДЕТ - ЖОЮ МІНДЕТ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС —
ОРТАҚ ІС

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге есін-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі.

Отыр кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі — ол азаматтардың арыз-шағымы.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Нария МЕНДІБАЕВА,
аудандық соттың бас маманы.

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС - ШАРА

«ПРОБАЦИЯ»

СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық пробация қызметі бөлімі 2026 жылдың 25-27 маусым аралығында «Пробация» атты жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізеді.

Жедел-профилактикалық іс-шараға СҚО ҚАЖД бойынша аудандық пробация қызметі бөлімі және Мағжан Жұмабаев ауданы ІІБ қызметінің учаскелік полиция қызметкерлері жұмылдырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты — пробация бөлімінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша тексеріспен қамтып, құқықбұзушылықтарды алдын алу болып табылады.

Сотталғандардың қатарынан жазаны өтеудің шарттарымен тәртібін орындауынан жалтарғаны анықталған күнде, олардың қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасы бас бостандығын айыру түріндегі жазаға ауыстырылу сұрағы сотта қарастырылатыны жайлы ескеріледі. Сондай-ақ пробация бөлімінің қызметкерлерімен, сотталғандардың қатарынан құқықбұзушылықтарды алдын алу мақсатында халықтың көп шоғырланған жерлері (дәмхана, мейрамхана, түнгі клубтар және саябақтар) тексеріспен қамтылады.

Қазіргі уақытта әрбір сотталғанға үнемі қылмыстық құқықбұзушылықтарға қайтадан жол бермеу жөнінде алдын алу әдістемесу жүргізіледі, сонымен қатар сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетіледі.

Есепте тұрған сотталғандардың қатарынан жазаны өтеу шарттарымен тәртібін бұзу анықталған күнде, бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығын айыру жазасына ауыстыру сұрағын шешу үшін материал аудандық сотқа жолданатын болады.

Мұхамедияр ИСИН,
СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық ІІБ
аға инспекторы, әділет майоры.

ТЖБ ХАБАРЛАЙДЫ!

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ ЖАЛҒАСУДА

Құрметті тұрғындар және де қонақтар қазіргі уақытта өрт қауіпті кезең жалғасуда. Әдетте осы мезгілде жаппай рұқсатсыз құрғақ шөп пен қоқысты жағу басталады, және де тұрғындардың табиғатқа демалуға шығып, от жағып және темекі шеккенде абайсыздықтан өрт орын алады.

Ормандағы өрттердің алдын алу мақсатында аудан тұрғындары мен қонақтарын өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы қажеттілігін естеріңізге саламыз:

- елді мекендердің аумақтарында, орман және дала алқаптарында от жағуға, құрғақ шөпті, қоқыс және қалдықтарды өртеуге жол бермеу қажет;

- орман алқабында жанып тұрған сірекені, темекі қалдығын, ыстық күл және шыныны тастауға тиым салынады;

Өрт белгілері анықталған жағдайда өрттің орнын және мекенжайын көрсете отырып «101» және «112» телефонына қоңырау шалыңыз.

СУҒА ШОМЫЛУ КЕЗІНДЕГІ
ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Осы орайда жаздың ыстығында демалушы тұрғындар көлдерге шомылуға көптеп барады. Бірақ ауданымызда арнайы көлге түсетін орын болмағандықтан, тыйым салынған орындарға суға түсуге рұқсат етілмейді.

Демалушыларға су басында болған кезінде мұқият әрі абай болуға, өз өмірін қорғауға шақырамыз! Суда демалу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар!

- Тыйым салынған жерлерге шомылмаңыздар;
- Ішімдік ішкен жағдайда суға түсуге болмайды;
- Егер тыйым салынған жерге шомыламын десеңіз, жақсылап ойлаңыз, төтенше жағдай бола қалғанда, сізге кім көмектесетінін ойлаңыз.


Судаға апаттан қорғанудың ең сенімді жолы - суда шомылу ережелері мен қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау болып табылады.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.



МАМАН КЕҢЕСІ

ДӘНДІ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ГЕЛЬМИНТОСПОРИОЗДЫ ДАҚТАРЫ



Гельминтоспориозды жапырақ дақтары бидай, қара бидай, сұлы, арпа сияқты дәнді дақылдарға әсер ететін негізгі аурулардың бірі болып табылады. Бұл ауру жүгеріде жиі кездеседі.

Олар егінге айтарлықтай зиян келтіреді және ауыл шаруашылығында айтарлықтай экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін.

Гельминтоспориоз - Helminthosporium тұқымдас саңырауқұлақтардың әртүрлі түрлері тудыратын ауру. Гельминтоспориозды тудыратын саңырау-

құлақтар температураның кең диапозонында дами алады - +5°C - тан +40°C-қа дейін. Helminthosporium тұқымдас саңырауқұлақтардың кейбір түрлерінің споралары температураның төмендеуіне -40°C дейін төтеп бере алады және көптеген айлар бойы өміршең болып қалады.

Споралардың өнуі және инфекция процесін жүзеге асыру үшін тиісті температуралық жағдайлардан басқа, тамшылатып ылғалдың болуы қажет. Сондықтан ауру қалыпты жылы температура-сы бар тұрақты ылғалды кезеңдер байқалатын жерлерде белсенді дамиды - +18°C - +23°C. Бұл жағдайда саңырауқұлақтардың өсу қарқыны мен көбеюі максималды болады.

Әр түрлі дақылдардағы гельминтоспориоздың белгілері әр түрлі уақытта пайда болады.

Мысалы, бидайда олар көшет сатысында табылуы мүмкін. Сонымен қатар, жұқтырған жас өсімдіктер көп жағдайда өледі.

Жүгерідегельминтоспориозыәдетте өсімдіктің вегетациялық кезеңінің екінші

жартысында, яғни гүлдеу және дән байлау кезеңдерінде айқын байқалады. Аурудың барлық өсімдіктеріне тән симптом - әртүрлі реңктердегі дақтардың пайда болуы, негізінен жапырақтарда және басқа вегетативті органдарда. Ашық немесе қою қоңыр тондар. Уақыт өте келе бұл дақтар өсіп, жапырақтардың мерзімінен бұрын көбуіне әкеледі.

Инфекцияның салдарынан өсімдіктердің дамуы баяулайды, дөңдер дінгек болып қалыптасады және олардың саны сау өсімдіктермен салыстырғанда азаяды. Егіннің шығыны 20-дан 40% - ға дейін болуы мүмкін.

Гельминтоспориозды емдеуді шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең-тұқым материалын алдын-ала дайындау. Патогенді мицелийдің споралары мен бөліктері өсімдіктердің дөңдері мен тұқымдарында болуы мүмкін, бұл өну кезеңінде инфекцияны тудырады. Ауруды жұқтырған жас өсімдіктер көбінесе өледі. Бұған жол бермеу үшін тұқымдық материалды әртүрлі топтардың фунгицидтерімен дәрілеу жүргізіледі. Бұл вегетациялық

кезеңнің басында мәдениетті жұқтыру ықтималдығын азайтуға көмектеседі. Кейіннен өрістерді фунгицидтік ерітінділермен бүрку жүргізіледі. Мұндай өңдеулер қажет болған жағдайда маусымда бірнеше рет жасалады. Бұл саңырауқұлақ спораларының тіршілік әрекетін тежеуге және аурудың бүкіл дақ алаңына таралуына жол бермейді.

Дәнді дақылдардың гельминтоспориозын уақтылы анықтау және агроэкономикалық шараларды орындау кезінде тоқтатуға болады: саңырауқұлақтарға тәзімді тұқым сорттары мен будандарды тандау (өсімдік қалдықтарын жою арамыштерді жою, қоспыту, азықтандыру) тыңайтқыштарды теңдестірілген қолдану, уақытында жинау, ауыспалы егісті сақтау.

Дона ТАҒАНОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болсамдар әдістемелік орталығы» РММ Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының фитопатологы.



Дүйсенбі, 29 маусым	Сейсенбі, 30 маусым	Сәрсенбі, 1 шілде	Бейсенбі, 2 шілде	Жұма, 3 шілде	Сенбі, 4 шілде	Жексенбі, 5 шілде
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӨНУРАН. 06.05 Т/Х «КӨРШІНІҢ ҚЫЗЫ». 07.00 ТАҢШОЛПАН. 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 «АПТА». 14.55 «АҚОРДА». 15.10 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ! 15.40, 01.20 ФУТБОЛ. 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	06.00 ӨНУРАН. 06.05 Т/Х «ШАБДАЛЫ-18». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 14.15 АҚСАУЫТ. 14.55 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 15.00 САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ! 15.40, 01.50 ФУТБОЛ. 17.20, 00.50 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.25, 00.40 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӨНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 06.05 Т/Х «ШАБДАЛЫ-18». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 13.55 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 14.15, 03.20 ТАЗА САНА. 14.50 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 17.20, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.25, 02.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	04.40 ӨНУРАН. 04.50, 15.40, 23.30, 03.50 ФУТБОЛ. 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 13.55 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 14.15, 03.20 ТАЗА САНА. 14.50 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 17.20, 02.30 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.25, 02.25 АҚША ӨЛШІПЕСІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 FIFA WORLD CUP 2026. МАЙАМИ.	06.00 ӨНУРАН. 06.05 Т/Х «ШАБДАЛЫ-18». 07.00 «ТАҢШОЛПАН». 09.00, 15.55 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЖАЛҒАН ӨМІР». 13.55 «Н2О: ТІРШІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 14.10 «ТҮЛҒА», Д/Ф. 14.45 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.40, 02.50 ФУТБОЛ. 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 17.20, 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 22.20, 02.00 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН. 00.10 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӨНУРАН. 05.35, 20.00, 01.15 АҚПАРАТ. 06.05 «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН». 06.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ-18». 07.20 М/Ф «МҮЗБАЛАҚ». 08.20 «БІРЕГЕЙ», Д/Ф. 09.00 «КОНҒИ ТӨЛКІНІ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «PRIME ERA». 12.25 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.05, 01.50 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026. 15.20 Т/Х «DINA. КҮЙ КҮДІРЕТ». 20.15, 01.30 ӨЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! 23.05 «ІП МАН-2», Х/Ф.	05.30 ӨНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «ІНЖУ-МАРЖАН». 06.30 Т/Х «ШАБДАЛЫ-18». 07.20 Т/Х «DINA. КҮЙ КҮДІРЕТ». 09.40 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ»! 13.50, 04.10 Д/Ф. 14.25 «АСЫЛ МҮРА». 15.15, 00.50, 04.50 ФУТБОЛ. FIFA WORLD CUP 2026. 15.30 «ІП МАН 2», Х/Ф. 17.40, 03.45 «АҚОРДА». 20.00, 03.00 АПТА. 20.40 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.35 «ЫСТЫҚ ҮЯ», Х/Ф. 23.20 «АСЫЛ АРМАН».


Дүйсенбі, 29 маусым	Сейсенбі, 30 маусым	Сәрсенбі, 1 шілде	Бейсенбі, 2 шілде	Жұма, 3 шілде	Сенбі, 4 шілде	Жексенбі, 5 шілде
------------------------	------------------------	----------------------	----------------------	------------------	-------------------	----------------------

ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 Т/Х «КАК ВЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 COVER SHOW. 09.00 КӨЗҚАРАС. 09.30 ӨЛЕУМЕТ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 11.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.00 COVER SHOW. 14.00 М/Ф. 15.15 «СІДНИ УАЙТ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 18.00 Т/С «МОЯ НАСТОЯЩАЯ МАМА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «АПАТАДАН», Х/Ф. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «ДЖЕНТЛЬМЕН, УДАЧИ», Х/Ф. 02.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «КАК ВЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА». 07.00 COVER SHOW. 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 11.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 15.00 «ВНЕ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 18.00 Т/С «МОЯ НАСТОЯЩАЯ МАМА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «ПАРКОВНИКИ», Х/Ф. 22.00 КЕШІРЕС. 23.00 «ВНЕ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 COVER SHOW. 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 11.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 15.00 «ВНЕ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 18.00 Т/С «МОЯ НАСТОЯЩАЯ МАМА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «ИГРОМАНКА», Х/Ф. 22.30 «СОЛДАТЫ НЕУДАЧИ», Х/Ф. 00.15 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 COVER SHOW. 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 НЕОСЕТЬ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 11.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 15.15 «СОЛДАТЫ НЕУДАЧИ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 18.00 Т/С «МОЯ НАСТОЯЩАЯ МАМА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «КӨРШІЛЕР», Х/Ф. 21.45 «ГОРОД ПРИЗРАКОВ», Х/Ф. 23.45 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 «ӘКЕ БАҚЫТЫ». 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 COVER SHOW. 09.00, 14.00 М/Ф. 09.30 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 10.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 11.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 15.00 «ГОРОД ПРИЗРАКОВ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 18.00 Т/С «СЕМЬЯ И НЕМНОГО СПРАВЕДЛИВОСТИ». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 «ӨМӨНГЕР», Х/Ф. 22.00 «БЕЗ ЖАЛОСТИ», Х/Ф. 00.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00, 20.00 COVER SHOW. 09.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/Ф. 11.20 М/Ф. 12.00 «БЕЗ ЖАЛОСТИ», Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР ҚОШБАСШЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КҮН. 19.40 ЖҰМЫР ЖЕР. 22.00 CREATIVE QAZAQSTAN. 22.30 «ПЕТЛЯ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 00.30 А. ӘМІРЕАЛИДЫҢ КОНЦЕРТІ. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 COVER SHOW. 09.40 АЗАМАТ. 10.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 12.00 «ПЕТЛЯ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 14.10 М/Ф. 15.15 БАЛАМ ҮШІН. 15.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 17.15 С. ТҮРІСБЕКТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 19.00 7 КҮН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 КОНЦЕРТ. 21.15 «СУПРУГИ МОГАН В БЕГАХ», Х/Ф. 23.15 «ӨМӨНГЕР», Х/Ф. 01.00 ҚР ӨНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 29 маусым	Сейсенбі, 30 маусым	Сәрсенбі, 1 шілде	Бейсенбі, 2 шілде	Жұма, 3 шілде	Сенбі, 4 шілде	Жексенбі, 5 шілде
------------------------	------------------------	----------------------	----------------------	------------------	-------------------	----------------------

ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00, 09.45, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.05, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.05, 11.00, 14.25 НОВОСТИ. 08.20 ҚАЙМАҚ. 09.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-4». 11.15 ЖИТІ ЗДОРОВО. 12.20 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.20 АНАЛИТИКА. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.10 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 01.50 Т/С «ПРОТИВОСТОЯНИЕ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.15, 09.45, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.25, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.25, 11.00, 14.25 НОВОСТИ. 08.40 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 09.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-5». 11.15 ЖИТІ ЗДОРОВО. 12.20 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.20 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.10 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ЗАКОНЫ ЖИЗНИ. 20.55 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 01.50 Т/С «ПРОТИВОСТОЯНИЕ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.15, 09.45, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.25, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.25, 11.00, 14.25 НОВОСТИ. 08.40 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 09.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-6». 11.15 ЖИТІ ЗДОРОВО. 12.20 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.20 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 ЗАКОНЫ ЖИЗНИ. 20.55 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-15». 02.10 Т/С «ПРОТИВОСТОЯНИЕ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.15, 09.45, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.25, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.25, 11.00, 14.25 НОВОСТИ. 08.40 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 09.55 Т/С «ЗОВИТЕ ЕРМОЛОВА-6». 11.15 ЖИТІ ЗДОРОВО. 12.20 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.20 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00, 01.10 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «УЛИЦЫ РАЗБИТЫХ ФОНАРЕЙ-16». 01.50 Т/С «ПРОТИВОСТОЯНИЕ».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.15, 09.45, 14.10 ЖАНАЛЫҚТАР. 07.25, 19.00 КӨРЕМІЗ-ШОУ. 08.30, 10.45, 14.25 НОВОСТИ. 08.40 Т/С «ПРИНЦ СИБИРИ». 09.55 Т/С «ЖЕНСКАЯ ВЕРСИЯ-2. РОМАНТИК ИЗ СССР». 12.20 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.20 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.55 БАСТЫ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.30 Т/С «ТАЕЖНЫЙ ДЕТЕКТИВ-3. ОХОТА НА МАМОНТА».	06.00, 03.45 П@УТИНА. 07.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 08.00 Х/Ф. 10.15 «МАГОМАЕВ», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.45 «ЕРЕКШЕ», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 20.35 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 21.00 Т/С «ТРЕНЕР АҒА». 01.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 П@УТИНА. 06.55 АСАУ ЖАНАЛЫҚТАР. 07.30 ЗАҢ МЕН ЕЛ. 08.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 08.55 «УСИЕХ», Х/Ф. 11.10, 15.05 «МАГОМАЕВ», Х/Ф. 14.00 «ГОВОРНИ О ГЛАВНОМ». 17.40 «МОЛОДЦАЯ ДЕВУШКА», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «ТРЕНЕР АҒА», Х/Ф. 01.05 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».

- Жалпы адамзаттың жақсылығына сену — адамгершіліктің ең биік белгісі.
- Бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер.
- Баланы өз күшіне сендіріп үрету керек.
Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ - 2026

**Ұлт мақтанышы, жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтың туған күніне арналған
"МАҒЖАН РУХЫ МӘңГІЛІК"
аймақтық ақындар айтысы**

Жарқын Жұпархан
айтыс жүргізушісі

Ерлан Дәулет
Ақмола облысы

Тоба Өтепбаев
Қостанай қаласы

Аспанбек Шұғатаев
Павлодар қаласы

Фарида Жетпісбай
Астана қаласы

Ерлан Аманқожа
Павлодар қаласы

Хавдолла Бейхан
Петропавл қаласы

Жұмабек Рахимов
Петропавл қаласы

Диас Аяған
Есіл ауданы

Берденбек Мырзат
Тайынша ауданы

Нүртілеу Төлеубай
Астана қаласы

26/06/2026
11:00

Мағжан Жұмабаев аудандық
мәдениет үйінде

Байланыс телефоны: +7 775 213 7989

КІРУ ТЕГІН

**ГАЗЕТКЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге 2026 жылдың екінші
жартыжылдығына жазылу
науқанын жүріп жатқанын
хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта және
газет редакциясында жазылуға
болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға жазылу
бағасы:**
жеке тұлғалар үшін - 2185 теңге,
заңды тұлғалар үшін - 3372
теңге.

Анықтама телефоны:
пошта - 2-17-80,
редакция - 2-21-35.

**АҚ БИДАЙ
2026**

Мағжан Жұмабаев ауданы

Қиын, қосытық пен бірлік мерекесі!

Таман ауылы

3 ШІЛДЕ
20.00 с.
АШЫЛУ ПАРАДЫ

**БОКСТАН
ЖАРЫСТАР**

4 ШІЛДЕ
**СПОРТ ТҮРЛЕРІ
БОЙЫНША ЖАРЫСТАР**

*Қайтыс!
Күрес!
Жең!*

БАКЕТБОЛ

ВОЛЕЙБОЛ

ФУТБОЛ

УСТЕЛ ТЕННИСІ

ЕРКІН КҮРЕС

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ШАХМАТ

ШАШКИ

ГІР КӨТЕРУ СПОРТЫ

Спорт бірлігіңері! Жеңіс сенен басталады!

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ

Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile
мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар
мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту»
қызметіне қосылуыңызға болады.

**ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ -
ТЕЗ ЖӘНЕ ОҢАЙ АҚША ТАБУ ТУРАЛЫ УӘДЕ**

САҚ БОЛЫҢЫЗ!

**БҮЛ ТАБЫС
АЛУДЫҢ
АЛАЯҚТЫҚ
СХЕМАСЫ**

1 Оңай ақша табу туралы уәде

2 Олар көпіндегірілген табыс береді

3 Жобаға достарын белсенді тартуды сұрайды

4 Өте жоғары пайыздық мөлшерлемелермен инвестициялайды

Қаржы пирамидаларының негізгі түрлері:

Мессенджерлеріне шақырту сілтеме арқылы қағидатына негізделген пирамида;

Желілік маркетинг қағидатына негізделген пирамидалар;

Понци типіне сай негізделген пирамида;

Көп деңгейлі пирамидалар.

Директор - бас редактор
Нелі ГОПЧАРГазеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС»Редакцияның мекен жайы: 150800 Қостанай
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан индекс: 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kzГазет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда терісін беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл қ., Коммунов к-сі, 5 үй).
Таралымы - 600Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми баспа болып
табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құалігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.